

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан:
заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ**
2.09.2024

ҚАСИЕТ, АСЫЛ ҚАСИЕТ ДЕП БІЛЕМІЗ

Жолдауда алдағы жұмыстың басты бағыттары аясында еліміздің кадрлық әлеуетін арттыру өте маңызды екеніне ерекше назар аударылды. Халық шаруашылығы үшін жоғары білімді және жоғары білікті мамандар даярлаудың сапасын ұдайы жақсартуға бағытталған міндеттердің өмірлік маңызы бар. Осы ретте Жолдауда *білім бағдарламасы заман талабына сай келетін оқу орындары* туралы ойлар жүйесінің әлеуметтік мәні зор екенін арнайы айтып өткенді дұрыс көремін. Жоғары оқу орындарында маман даярлаудың сапасы білім мазмұнының сапасына тікелей байланысты. Ал білім мазмұны білім беру бағдарламасының жүйесінде анықталады. *Білім беру бағдарламасы заман талабына сай келетін оқу орындары* туралы қағиданың мәнін осылай түсіну шарт. Жоғары сапалы білім беру бағдарламасы – мемлекеттік құндылық. Мемлекеттік құндылық мемлекеттің орталық атқару органы деңгейінде қорғалуы және қолдануға ұсынылуы тиімді болмақ деп ойлаймын.

Жолдаудағы мемлекеттік маңызы зор міндеттер мен қағидаларының қатарында тағы бір аса өзекті мәселеге ерекше мән бергенді дұрыс деп білемін. Ол мынадай: *«...бәріміз адал әрі әділ болуымыз... керек», «Әр іс елге деген жанашырлық ниетпен жасалуы керек. Әрбір қадамымыз елге пайдасын тигізуі қажет»*. Отанымыздың әрбір азаматы, әрбір маманы өзінің іс-әрекетін осы қағида негізінде бағалауы шарт. Еліміздің әрбір азаматының, әрбір маманының осы қағида бойынша еңбек етіп, өмір сүруі қажеттілік қана емес, қасиет, асыл қасиет деп білеміз. Мұндай асыл қасиет маманның бойына мамандық пәндері арқылы емес, адамдық пәндері арқылы енеді. Ал ондай пән бар ма, жоқ па? Біз ондай пән бар дейміз. Ол – «Абай ілімі» оқу пәні.

Еліміздің жоғары оқу орындарында «Абай ілімі» оқу пәнін міндетті пәндер қатарында оқытудың әлеуметтік, халықтық, мемлекеттік маңызы бар. *Бәріміздің адал әрі әділ болуымызға, әр ісімізді елге деген жанашырлық ниетпен жасауымызға, әрбір қадамымыздың елге пайдасын тигізуіне* жеткізетін айрықша және аяулы қуат көзі – «Абай ілімі» оқу пәні. «Абай ілімі» оқу пәні жоғары білімді маман даярлау сапасын арттырудың, еліміздің адами әлеуетін арттырудың негізі қызметін атқарады.

Мемлекет басшысының Жолдауындағы өмірлік маңызы зор міндеттер мен қағидаларды іс жүзіне асырушы жоғары оқу орындарының біз айтып отырған жайларды ескеруі орынды болмақ.

Жанғара Дәдебаев,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
жанындағы Абай ғылыми-зерттеу
институтының директоры